

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ
Б.БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИСЯ

Әкімшілік құқық және ПО әкімшілік қызметі кафедрасы

ДӘРІС

ПО-ның көші-қон полициясының қызметін ұйымдастыру

Кафедра мәжілісінде талқыланды
және мақұлданды. №__ хаттама. 20__ж «__»__

ҚАРАҒАНДЫ

ЖОСПАР:

Кіріспе

1. Көші-қон полициясының функциялары, міндеттері және құқықтық негізі.
2. Көші-қон полициясының қызметін ұйымдастыру және жүйесі, құрлымы.

Қорытынды

КІРІСПЕ

Біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстары біздің елге келетін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың санын жоғарылаумен шартталған. Аталған жағдайларда маңызды рольді ҚР ІО қызметі елдің аумағына келу ережелерін азаматтығы жоқ шетелдіктер мен адамдарды және транзиттік поезді тоқтату, шетелдіктерді қабылдайтын түрлі ұйымдар үшін қабылданған талаптарды орындауға бақылау, сонымен қатар елге шақырылған тұлғалар үшін бақылау алып отыр.

Қазақстан Республикасы аумағындағы шетелдіктердің түрлі санаттарының келуіне байланысты, атап өтетіні, Қазақстан Республикасының аумағында қатысты нақты құқықтық реттеумен сипатталады. Республикамызда халықаралық ынтымақтастық, шетелдіктердің біздің еліміздің заң жүргізу құқығындағы өз құқықтары мен міндеттерін толық жүзеге асыру, олардың келу орындарында құқықтық тәртіпті нығайту бағдарламасын жүзеге асырудың конструктивтік бағдарламасына барлық негізгі заңнамалар құрылған.

Мұнда 20.12.91ж. ҚР «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңын, 12.12.97ж. ҚР «Тұрғындар көші-қоны туралы», 19.06.95ж. ҚР «ҚР шетелдіктерінің құқықтық жағдайы туралы» Заңын, 28.01.2000ж. ҚР Үкіметінің №136 «Қазақстан Республикасында шетелдіктердің кіруі мен келуінің, сонымен қатар олардың кетуінің ережелері» Қаулысын қабылдау маңызды орын алды.

Бүгінгі күнгі халықаралық қатынастар түрлі елдердің тұрғындарының арасындағы байланысты және өзара байланыстарын кеңейтуге әкеледі.

Осының салдарынан түрлі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының аумағында болатын шетелдік мамандардың, студенттердің, ғылым, мәдениет қызметкерлерінің, туристтер мен азаматтардың басқа топтарының саны өсіп келеді. Қоғамдық қатынастардың көлемі олардың қатысуымен жылдан жылға өсіп келеді, ол өзі алдына аталған қатынастардың нақты нормативтік реттелуі мен осы саладағы заңнаманың үздіксіз жетілуіне қажеттілікті шарттайды.

Одан арғы жұмыс Қазақстан Республикасына шетелдіктер мен азаматтығы жоқ азаматтардың келуі мен кіруіне қатысты қазақстандық заңнаманы халықаралық құқықтық нормаларға сәйкестендіруге жақындату жұмысы жүргізіліп жатыр.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ азаматтардың келуін, олардың өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруын, сонымен қатар, олармен жасалатын құқық бұзушылықтар қамтамасыз етуге байланысты мемлекеттік органдардың құқық қолданушылық қызметінің көлемі мен есебі практика көрсеткендей, өсу тенденциясына жақын екенін дәлелдейді.

Осыған байланысты, ІО бүгінгі таңдағы аса маңызды функцияларының бірі – ҚР шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың келуіне бақылауды жүзеге асыру, сонымен қатар шетелдіктер мен

азаматтығы жоқ тұлғаларды біздің елдің аумағы бойынша заңсыз өтуін қадағалау болып табылады.

1. Көші-қон полициясының функциялары, міндеттері және құқықтық негізі.

ПО көші-қон полициясы бөліністерінің міндеттері:

Шетелдіктерді тіркеу және олардың есебін жүргізу, олардың ҚР аумағында болу ережесіне бақылау жасау;

ҚР визалары беру және ұзарту

Шетелдіктерді ҚР аумағында қалдыру туралы құжаттарын қарау;

Шетелдіктерге ҚР тұрақты тұруға құқық беретін құжаттарды беру;

ҚР тұрақты тұрып жатқан шетелдіктерге бақылау жасау;

ҚР азаматтығына қабылдау, одан шығумен байланысты сұрқтарды қарастыру;

Шетелде тұрақты тұруға кетуге рұқсат беру және құжаттарын дайындау;

Шетелдіктерге ҚР уақытша келуге шақыруларды дайындау;

Алимент төлемеушілермен борышкерлерді іздестіру;

Заңсыз көші-қонмен күресу жұмыстарын ұйымдастыру.

ҚР ПО қызметінде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында болу тәртібін қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының Конституциясының ережесінде жатыр, онда шетелдіктер Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңдарын ұстануы және Қазақстан Республикасының Конституциясын сыйлауы, сонымен қатар Қазақстан Республикасының 19.06.95ж. «Шетелдіктермен өз құқықтары мен бостандықтарын пайдалану Қазақстан Республикасының қызығушылықтарына, өзінің азаматтары мен басқа азаматтарының құқықтары мен заңды қызығушылықтарына зиянын келтірмеуі керек және Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген міндеттерін орындаудан басқа» деп айтылған «ҚР шетелдіктердің құқықтық ережесі туралы» Заңының 3 тарм.талабын сақтауы керек [1]. Аталған саладағы ішкі істер органдарының қызметі сәйкес заңнаманы уақытында ескертуге, табуға және алдын алуға және жауаптыларды жауапкершілікке тартуға бағытталған. Ол мемлекеттік аппараттың мемлекеттілігіне пен қоғамдық қатардың қол сұғушылығы, соның ішінде шетелдік, олардың құқыққа қарсы қол сұғушылықтарынан қорғау, қоғамдық тыныштықты қамтамасыз ету, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың функциялануына, адаматтардың еңбегі мен демалысына, олардың намысын, адамдық абыройын, қоғамдық адамгершілікті қорғауға қалыпты жағдайлар жасау, атқарушы-орындаушы қызметінің құрамдас бөлігі болып табылады. [2]

Ішкі істер органдарымен Қазақстан Республикасында шетелдіктердің келуін қамтамасыз ету басқа да құқық бұзушылықтармен күрес жағдайына анықталған әсерін де тигізеді. Зерттеулер бекітілген тәртіпті бұзудың 20% Республика аумағындағы қозғалыстың бекітілген тәртібін бұзу екендігін көрсетті, транзиттік поездардың ережелерін бұзу спекулятивтік келісімдерді жүргізу, наркотикалық заттарды және т.б. енгізу мақсатында жүзеге

асырылады. Құқыққа қарсы әрекеттер болып көбінесе бекітілген мерзімде Қазақстан Республикасынан шығудан бас тартқан шетелдіктердің мінез құлқы болады, олар көбіне ТМД халықтарының азаматтары – Қазақстан Республикасының аумағыда құрылыс, шұлық өндірісі және т.б. саласында ақша табу мақсатында табылғандар. Олардың тұруына қаражат көп жағдайда көлеңкелі жұмыс тобын жою болып табылады. Сондықтан, осындай тұлғаларды уақытында табу, болу уақытындағы ережелерді бұзуда жіберілген алдын алулар және оларды жауапкершілікке тарту олардың құқық бұзушылықтарының деңгейін төмендету болып табылады. [3]

Аталған функцияларды тікелей жүзеге асыру ішкі істер органдарына (полиция) жүктелген. Олар міндетті: ҚР аумағында өмір сүретін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу; ҚР тұруға құқық беретін құжаттарды беруге; шетел азаматтарымен олар үшін тағайындалған мемлекет аумағында тұру және қозғалу ережелерін сақтауына бақылауды жүзеге асыру; шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға мемлекеттен шығу туралы құжаттар беруге.

Шетелдіктерді қабылдау арнаулы бөлінген және сәйкес жағдайда миграциялық полиция бөлімшелерінің бөлмелерінде жүргізіледі.

Бақылауды ұйымдастыру үшін ішкі істер органдары шетелдіктердің саны мен келу орындары туралы мәліметтерге ие болуы керек [4]. Ішкі істер органдарының горрайоргандарына осы мәліметтер түсуі керек:

1) шетелдіктер туралы ІІД:

- Қазақстан Республикасында тұрғылықты тұруға рұқсат етілгендер;
- Қазақстан Республикасына жеке істері бойынша келгендер;
- Қазақстан Республикасына жұмысқа келгендер;

2) оқу орындарынан, ұйымдардан, кәсіпорындардан:

- іскерлік мақсаттарда, оқу үшін, өндірістік практикадан өту үшін, біліктілігін жоғарылату, машықтану, емделу мен демалуға Қазақстан Республикасына келген шетелдіктер туралы.

АХАЖ органдарынан үш күн ішінде ІІД шетелдіктердің азаматтық жағдайының актлерін тіркеу туралы ескертулер түседі. Шетелдіктер мен Қазақстан Республикасының азаматының неке бұзу туралы ескерту түскен кезінде егер ол неке шетелдікті Қазақстан Республикасында тұрғылықты тұруға алып қалуға негіз болса, ІІД аталған шетелдіктің одан ары қалу мүмкіндігі туралы мүмкіндікті қарастырады.

Қазақстан Республикасының заңнамасын орындауын қадағалау, сонымен қатар шетелдіктер мен заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасындағы құқықтары мен заңды қызығушылықтарын ұстануы прокуратура органдарымен жүзеге асырылады.

ҚР ӘҚБК 34 бабы. Шетелдіктердің, шетелдік заңды тұлғалардың және азаматтығы жоқ адамдардың әкімшілік жауапкершілігі

1. Қазақстан Республикасының аумағында әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған шетелдіктер, шетелдік заңды тұлғалар мен

азаматтығы жоқ адамдар әкімшілік жауапкершілікке жалпы негіздерде тартылады.

1-1. Шетелдік және халықаралық коммерциялық емес қауымдастықтардың құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілеттіктері) қоғамдық қауымдастықтар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілігін заңды тұлғалар ретінде тартады.

2. Қазақстан Республикасының контитентальдық шельфінде Қазақстан Республикасының суверендік құқықтарына қол сұғатын жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін шетелдіктер, шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтығы жоқ адамдар әкімшілік жауапкершілікке жалпы негіздерде тартылады.

3. Шетелдік мемлекеттердің дипломатиялық өкілдерімен және иммунитетпен пайдаланатын басқа да шетелдіктермен Қазақстан Республикасының аумағында жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілік туралы мәселе халықаралық құқық нормаларына сәйкес шешіледі.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының сыртына әкімшілік қуғындау.

1. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының сыртына әкімшілік қуғындау сотпен аталған Кодекстің ерекше бөлімімен қарастырылған тәртіпте және негіздерде әкімшілік жазалау шаралары ретінде қолданылады.

2. Әкімшілік өндіріс барысында Қазақстан Республикасының сыртына әкімшілік қуғындау түріндегі әкімшілік жазалау шаралары пайдаланылған тұлға оның Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес ауыр немесе аса күрделі деп саналатын әрекетіне қатысты хабарлаған болса, онда осы адамға қатысты әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істі қарастыру Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процессуалдық кодексінің 185 бабында қарастырылған хабарлама немесе өтінім тәртібінде шешілгенге дейін қалдырылады.

ҚР ӘҚБК 492 бабы. Қазақстан Республикасында тіркеусіз немесе жеке басын анықтайтын құжаттарсыз тұру

1. Қазақстан Республикасының азаматтарының жеке төлқұжатсыз немесе жарамсыз төлқұжатпен, сонымен қатар тұрғылықты жері бойынша тіркеусіз немесе үш айдан жоғары мерзімге уақытша болу – бір айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұл немесе ескертумен теңестіріледі.

2. Қазақстан Республикасында шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның тұру түрінсіз немесе азаматсыздық жеке төлқұжатсыз немесе жарамсыз тұрғылықты орнымен, азаматсыздық жеке төлқұжатымен үш айдан артық тұрса – бес айлық есептік көрсеткіштен он айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұл төленеді.

ҚР ӘҚБК 493 бабы. Қазақстан Республикасында тіркеусіз немесе жеке тұлғасыз анықтауын құжаттарсыз тұруды жіберу[5]

1. Халықтың құжаттану мен тіркелу ережелеріне жауапты тұлғаның Қазақстан Республикасының азаматтарының Қазақстан Республикасында тұрғылықты жері бойынша тіркеусіз немесе жарамсыз жеке төлқұжатымен немесе төлқұжатсыз тұрғанын жібергені үшін – ескерту немесе жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұл төленеді.

2. Аталған баптың бірінші тарауында қарастырылған әрекет әкімшілік жазалау жүктелгеннен кейін жыл бойында қайталанып орындалса, - жиырма айлық есептік көрсеткіштен елу айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұл төленеді.

3. Халықтың құжаттану мен тіркелу ережелеріне жауапты тұлғаның шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың тұратын жерсіз немесе азаматтығы жоқ төлқұжатсыз немесе жарамсыз тұрғылықты жерде немесе азаматтығы жоқ төлқұжатпен Қазақстан Республикасында тұрғанын жібергені үшін – ескерту немесе жиырма айлық есептік көрсеткіштен бастап елу айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұл төленеді

4. Аталған баптың үшінші тарауында қарастырылған әкімшілік жазалау жүктелгеннен кейін жыл бойында қайталанған әрекет.

Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу ережелерінің бұзылуымен күрес ішкі істер органдарымен басқарудың барлық деңгейлерінің полициясының түрлі аппараттарын кешендік пайдаланумен жүзеге асырылады. Аталған уақытта олар шапшаң қызметтер мен іздестіру бөлімшелерінің қызметкерлерімен орындалады; миграциялық полиция қызметкерлерімен; аймақтық инспекторлармен; жол полициясының қызметкерлерімен; көліктегі ішкі істер органдарының қызметкерлерімен; полицияның патрульдік-постілік нарядтарымен; ішкі істер органдарының кезекшілерімен орындалады. [6]

Шапшаң қызметтер мен іздестіру бөлімшелерінің қызметкерлері шапшаң-іздестіру және іздесту шараларын, жауап алуды өткізгеннен және басқа қызметтік міндеттерін орындағаннан кейін шетелдіктермен кездесе отырып, осы азамат Қазақстан Республикасына, аталған тұрғылықты мекенге, ауданға келу немесе бекітілген маршрут бойынша қозғалу үшін құқығының болуын анықтау үшін оның төлқұжаты мен шығу құжаттарын тексеруден өзінің ресми тексерулерін бастайды. Атап айтқанда:

- төлқұжаттың болуы және оның жарамдылығы;
- визаның, куәліктің (телеграмманың) шақырту немесе Қазақстан Республикасында тұру түрлерінің жарамдылық мерзімі;
- төлқұжатта тіркеу туралы жапсырманың, аталған тұрғылықты мекенде немесе қозғалыстың аталған маршрутында болуға рұқсат ету қағаздарының болуы. Егер шетелдік қабылдаушы қазақстандық ұйымның, кәсіпорынның немесе жеке сітері бойынша шетелден шақыртқан азаматпен еріп жүрген болса, осындай тексеру аталған тұлғалардың қатысуымен өтеді.

Бекітілген тәртіпте шетелдіктердің жеке тұлғасын анықтайтын құжат болмаса, оның тұлғасын тексеру жүргізіледі.

Ішкі істер органдарының осы бағыттағы тапсырмалары мен күзiретгiлiктерi Қазақстан Республикасына шетелдiктердiң кiруi мен болу, сонымен қатар Қазақстан Республикасынан шығу ережелерiнде, және басқа да жоғарыда көрсетiлген нормативтiк-құқықтық актлерде көрсетiлген. Сыларды негiзге ала отырып, iшкi iстер органдары барлық шетелдiктер өздерiнiң мiндеттерiн орындағанына бақылау дасайды, ол ҚР олардың құқықтық ережелерi туралы заңнамасынан шығады, аталған тұрғылықты мекенде тұру үшін құқықтары мен тiркелген құжаттарының болуы керек, ал қажеттiлiк туындап жатса, қонақүйлерде, Сыртқы iстер министрлiгiнде, және т.б. жерлерде тiркелген, ал Қазақстан Республикасында үнемі тұратын шетелдiктер –тұрудың қызметтегi түрлерiмен, және тiркеу қағазын, сонымен қатар аталған адамдардың қозғалуындағы тәртіптiң сақталуын, олардың шетелге уақытында шығуы немесе мемлекетте болу үшін құжаттардың мерзiмiн ұзартуды талап етедi.

Қызметтiң бұл түрi iшкi iстер органдарымен Қазақстан Республикасының Ұлттық қауiпсiздiк комитетiмен, сонымен қатар шетелдiктердi қабылдайтын және оларға қызмет көрсететiн кәсiпорындармен, мекемелермен және ұйымдармен тығыз байланыста жасалады. Олардың шетелдiктердiң Қазақстан Республикасында болуының қабылданған ережелерiн ұстануын қамтамасыз етуi аса маңызды. Мысалы, заңнама талаптарын орындай отырып, оқу орындарының әкiмшiлiгi шетелдiктерге ҚР заңнамасы мен болу талаптарын түсiндiредi, олардан сәйкес мiндет қағаздарын алады; iшкi iстер органдарына бекiтiлген мерзiмде тiркеу, тұрғылықты орынға тiркеу, тiркеуден шығаур, визаларды тапсыру және ұзартуды рәсiмдейдi және ұсынады; күн сайын шетелдiктердiң сабақтарына қатысуын, олардың оқу орнына уақытылы келуiн, оқу орнына кезектi демалыстан кейiн уақытылы келуiн бақылайды; жатақханаларды тексередi, шетелдiк бiлiм алушылардың қажеттi билеттерiнiң, шығу, шығу және кiру және транзиттiк визаларының болуын қамтамасыз етедi; олардың жасаған немесе оларға қатысты құқық бұзушылықтардың болуын есепке алады, iшкi iстер органдарымен өзара байланысты ұйымдастырады. [7]

Осымен бiрге, iшкi iстер органдарына (полицияға) осы кәсiпорындарды, мекемелердi және ұйымдарды оларға шетелдiктердiң келу жағдайларын ұйымдастыруға әкiмшiлiк қамтамасыз етуге бақылау жүргiзудiң негiзгi бағыттары болып табылады: кәсiпорындардың, ұйымдардың және оқу орындарының қабылдау, жатақханалардағы, қонақүйлердегi, мотельдердегi және кемпингтердегi өту жүйесiн ұйымдастыру, әкiмшiлiк, миграциялық бөлiмдер және қызметтiк тұлғалардың жұмыстарын ұйымдастыру.

Тексеру жоспар бойынша бекiтiлген тәртіпте тоқсанына бiр реттен кем емес жүргiзiледi.

Қорытындылары iшкi iстер органдарының бастығына баяндалады, бұзушылықтарға әрекет ететiн себептер мен салдарды жою үшін сәйкес мекемелер мен ұйымдардың басшыларының мәлiметiне жiберiледi.

ІІД, КІІД және ішкі істер органдарының горрайоргнадары олардың қызмет ететін аймақтарындағы шетелдіктер Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған, олардың құқықтық тәртібі туралы, олар аталған пунктте болуына рұқсаты мен ішкі істер органдарында немесе Қазақстан Республикасының СІМ және оның мекемелерінде, Қазақстан Республикасында үнемі тұрғылықты жері барлардың тұру түрінің, төлқұжатының болуына бақылауды ұйымдастыруға міндетті [8]. Шетелдіктердің қозғалу тәртібін сақтауына, олардың уақытында шетелге шығуына және Қазақстан Республикасында болу мерзімін уақытылы созып отыруына бақылауды ұйымдастырады.

Сонымен қатар, олардың міндеттеріне шетелдіктердің пәтерлерін тұрғылықты орны бойынша тексеру ішкі істер органдарының екінші қызметкерінің қатысуымен немесе пәтерлердің меншіктерінің кооперативінің (ПМК) өкілдерінің қатысуымен, жергілікті әкімшіліктің немесе қоғамдастықтың басқа да мүшелерінің қатысуымен Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтаумен өтеді.

Дипломатиялық агенттіктердің жеке тұлғаларына және олардың жеке резиденцияларына қатысты жағдай заттары мен онда бар басқа да мүлік қол сұқпау құқығына және тексеру иммунитетіне, реквизицияға, арестке және атқарушы әрекеттерге ие.

Шетелдіктерді қабылдау миграциялық полицияның бөлімшелерінің сәйкесінше жабдықталған арнаулы бөлінген және дайындалған бөлмелерінде өткізіледі.

Бақылауды ұйымдастыру үшін ішкі істер органдары шетелдіктердің саны мен тұру орындары туралы мәліметтері болу керек. Ішкі істер органдарының горрайоргандарына бұл мәліметтер түсуі керек:

1) шетелдіктер туралы ІІД:

- Қазақстан Республикасында тұрғылықты тұруға құқықтары барлар;
- Қазақстан Республикасына жеке істері бойынша келетіндер;
- Қазақстан Республикасына жұмыспен келетіндер;

2) оқу орындарынан, ұйымдардан, кәсіпорындардан:

- Қазақстан Республикасына іскерлік мақсатта, оқу үшін, кәсіби практика өту үшін, біліктілігін жоғарылату үшін, машықтану үшін, емделу мен демалу үшін келген шетелдіктер туралы.

АХАЖ оргнадарынан үш күннің ішінде ІІД шетелдіктердің азаматтық жағдайын туркеу туралы акт келеді. Шетелдіктер мен Қазақстан Республикасының азаматтарының арасындағы неке бұзу туралы ескерту келген кезде, егер бұл неке шетелдік азаматты Қазақстан Республикасында тұрғылықты тұру үшін алдыру туралы шешім қабылдаған болса, ІІД аталған шетелдіктің Қазақстан Республикасында одан әрі қалуы туралы мәселенің мүмкіндігін қарастырады.

Қазақстан Республикасының заңнамасының орындалуына бақылау, сонымен қатар Қазақстан Республикасында шетелдіктер мен азаматтығы жоқ

азаматтардың құқықтары мен заңды қызығушылықтарының орындалуына қадағалау прокуратура органдарымен орындалады.

Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу ережелерінің бұзылуымен күрес ішкі істер органдарымен басқарудың барлық деңгейлерінің полициясының түрлі аппараттарын кешендік пайдаланумен жүзеге асырылады. Аталған уақытта олар шапшаң қызметтер мен іздестіру бөлімшелерінің қызметкерлерімен орындалады; миграциялық полиция қызметкерлерімен; аймақтық инспекторлармен; жол полициясының қызметкерлерімен; көліктегі ішкі істер органдарының қызметкерлерімен; полицияның патрульдік-постілік нарядтарымен; ішкі істер органдарының кезекшілерімен орындалады.

Шапшаң қызметтер мен іздестіру бөлімшелерінің қызметкерлері шапшаң-іздестіру және іздесту шараларын, жауап алуды өткізгеннен және басқа қызметтік міндеттерін орындағаннан кейін шетелдіктермен кездесе отырып, осы азамат Қазақстан Республикасына, аталған тұрғылықты мекенге, ауданға келу немесе бекітілген маршрут бойынша қозғалу үшін құқығының болуын анықтау үшін оның төлқұжаты мен шығу құжаттарын тексеруден өзінің ресми тексерулерін бастайды. Атап айтқанда:

- төлқұжаттың болуы және оның жарамдылығы;
- визаның, куәліктің (телеграмманың) шақырту немесе Қазақстан Республикасында тұру түрлерінің жарамдылық мерзімі;
- төлқұжатта тіркеу туралы жапсырманың, аталған тұрғылықты мекенде немесе қозғалыстың аталған маршрутында болуға рұқсат ету қағаздарының болуы. Егер шетелдік қабылдаушы қазақстандық ұйымның, кәсіпорынның немесе жеке сітері бойынша шетелден шақыртқан азаматпен еріп жүрген болса, осындай тексеру аталған тұлғалардың қатысуымен өтеді.

Бекітілген тәртіпте шетелдіктердің жеке тұлғасын анықтайтын құжат болмаса, оның тұлғасын тексеру жүргізіледі.

Шетелдік азамат немесе оған қатысты қылмыстық іс, қоғамдық тәртіпті бұзу орындалса, оған қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қолданылады. Егер қылмыс басымдылықтары мен иммунитеті бар адаммен немесе оған қатысты жасалса, шетелдік азаматтың тұлғасын анықтайтын құжаттан оның тұлғасы туралы мәліметтер (хаттама құрылады) жазылып алынады да, бұл жағдайда азамат ұсталынбайды.

Шетелдіктердің жоғалуы туралы өтініш немесе хабарлама түскен кезде бекітілген тәртіпте оларды уақытында қарастыру және іздестуру үшін кідіріссіз шаралар қабылданады. Қатаң бақылау тәртібінде жоғалған шетелдіктер туралы ішкі істер органдарының басшылығына одан әрі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігін хабарландырумен ақпарат жіберіледі.

Осыдан келіп, қоғамдық тәртіпті, шетелдіктердің мүліктік және жеке қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасындағы шетелдіктердің құқықтық тәртібін және кәсіпорындардың, ұйымдардың, шетелкітерді қабылдайтын және қызмет көрсететіндердің қарастырылған

ережелерін реттейтін заңнамалық нормалардың талаптарын орындау бойынша шетелдіктердің қатысында және олардың тарапынан құқық бұзушылықтарды профилактикалау мәселелеріне бірінші көңілді бөле отырып, тоқсан сайынғы және ағымдық тексерулерге қатысады.

Ішкі істер органдарының горрайоргандарына немесе ПО миграциялық полиция бөлішелеріне Қазақстан Республикасында шетелдіктердің келу және болу ережелерін бұзушылықтардың барлық табылған түрлері туралы және бұзушылықтарды есепке алу үшін қабылданған әсер ету шаралары туралы хабарлайды.

Шетелдіктерлі ұстау немесе қамау барысында шапшаң қызметтер мен тексеру бөлімшелерінің қызметкерлері Қазақстан Республикасының аумағыда шетелдік мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерін хабарлау тәртібі және аталған мемлекеттің азаматтарын ұстау және қамау туралы нұсқаулық талаптарын басшылыққа алуы керек.

Қазақстан Республикасының ӘҚК нормаларына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін іздестірілетін шетелдіктерді экстрадиционды қамау прокуратураның қаулысы бойынша қабылданады.

Өз елінің аумағында жасалған қылмыстық зерттеуді жүзеге асыру үшін шетелдіктерді тапсыру Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының немесе өкілетті прокурордың өкімінің негізінде орындалады.

Көші-қон бақылауын жүзеге асыру барысында ішкі істер органдарының қызметкерлері:

- 1) шетелдікте ұлттық паспортының, визасының және ішкі істер органдарында оның мекемелерінде тіркелуінің, ал Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктерде және азаматтық жоқ адамдарда - тұруға ықтиярхаттарының, азаматтығы жоқ адамның куәлігінің болуын;
- 2) шетелдіктердің шетелге уақтылы кетуін немесе Қазақстан Республикасында болу мерзімін ұзартуын;
- 3) шетелдіктер еркін жүруіне жабық жерлерде болуға рұқсаттың болуын тексереді.

6. Ішкі істер органдарының қызметкерлері:

- 1) шетелдіктердің тұрғылықты немесе уақытша болатын жері бойынша;
- 2) шетелдіктердің жұмыс немесе оқу орны бойынша;
- 3) әуе, темір жол және көліктің басқа түрлерінде;
- 4) көшелер мен қоғамдық жерлерде бақылауды жүзеге асырады.

7. Бақылау:

- 1) азаматтардың тұрғын үй-жайларын қарап шығу;
- 2) жатақханалар мен қонақ үйлерді және шетелдіктердің болуы ықтимал жерлерді тексеру;
- 3) пойыздарда жүру;

- 4) автокөлік құралдарын тексеру;
- 5) жедел-профилактикалық және арнайы іс-шаралар жүргізу;
- 6) қолданыстағы заңнамада көзделген басқа нысандар мен әдістерді пайдалану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Қазақстан Республикасынан шығарып жіберу туралы сот шешімдерін орындау «Бүркіт» БАЖ-ды пайдалана отырып, Қазақстан Республикасынан шығарылатын адамның бақыланатын дербес шығуы арқылы жүргізіледі.

Шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды соттың шешімі бойынша мәжбүрлі тәртіппен шығару көрсетілген адам аумағына шығарылатын шет мемлекеттің билік өкіліне оларды ресми беру жолымен жүргізіледі[9].

2. Көші-қон полициясының қызметін ұйымдастыру және жүйесі, құрылымы.

Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің көші-қон полиция департаментінің құрылымы: Департамент бастығы; Департамент бастығының орынбасары, сонымен бірге ол көші-қонды бақылау басқармасының бастығы; Департамент бастығының орынбасары, сонымен бірге ол есепке алу және азаматтық беру басқармасының бастығы; Көші-қонды бақылау басқармасы; Есепке алу және азаматтық беру басқармасы; Визалық жұмыстар бөлімшесі; Заңсыз көші-қонмен күресу бөлімі; Азаматтық беру бөлімі; Ақпараттық-талдау бөлімі.

Шетелдіктерді жеке істері бойынша шақыру үшін жеке тұлғалар орналасқан мекенжайы бойынша ішкі істер органдарына келесі құжаттарды ұсынады:

2 дана белгіленген нысанды сауалнама-өтініш;
мемлекеттік баж салығын төлеу туралы түбіртек.

Шақырылатын және шақырушы адамдар Ережелер талаптарын сақтау және қамтамасыз ету жөнінде бар есептер бойынша тексеріледі. Шет елдерінен туыстарын, таныстарын шақыру туралы Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің өтініштері ішкі істер органдарына қарау үшін барлық қажетті құжаттарды тапсырғаннан кейін күнтізбелік жеті күн ішінде қаралады.

Жеке тұлғалар өтініштері қаралмайды, егер бұрын бірнеше рет олар шақырған шетелдіктеріне шетелдіктердің құқықтық ережесін сақтауын қамтамасыз еткізбеген болса.

Өтініштер оң шешілген кезде өтініш берушіге:

- жеке істер бойынша шақыру кезінде - белгіленген үлгідегі шақырулар беріледі. Бұл ретте шетелдік азамат Қазақстан Республикасына шақырылатын мерзімі 90 тәуліктен аспауы тиіс. Шақырудың өзі берілген сәттен бастап бір жыл ішінде күшінде болып саналады.

Қазақстан Республикасына келу шетел азаматына мына жағдайларда тыйым салынады:

ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті және халықтың денсаулығын сақтау мүддесінде;

егер оның іс қимылдары конституциялық құрылысты күш арқылы өзгертуге көзделсе;

егер ол Қазақстан Республикасының егемендігіне қарсы шықса, оның аумағының тұтастығы мен бірлігін бұзуға шақыратын болса;

егер ол мемлекетаралық, ұлтаралық және діни алауыздық туғызатын болса;

егер бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа да адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса.

егер Қазақстан Республикасында бұрын болған кезде оның шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасында болуының құқықтық жағдайы

туралы заңнаманы, кеден, валюта немесе Республиканың өзге де заңнамаларын бұзу фактілері анықталған болса;

егер ол кіру туралы өтініш қозғаған кезде өзі туралы жалған мәліметтер хабарлаған болса немесе Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген мерзімде қажетті құжаттар ұсынбаған болса;

егер ол Қазақстан Республикасына келуге қарсы болып табылатын ауру болса.

Бұрын Қазақстан Республикасынан шығарылған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға Қазақстан Республикасына кіру 5 (бес) жыл бойы тыйым салынады соттын шығару туралы шешімі шыққан күннен.

Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктердің паспорттарын тіркеу;

Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктердің паспорттарын тіркеуді өз құзыреттеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, оның өкілдіктері, ішкі істер органдары жүзеге асырады.

Тіркеуді рәсімдеу және оны ұзарту құжаттарды тапсырған күні жүзеге асырылады.

Діни, дінуағыздаушылық, қайырымдылық қызметпен айналысатын шетелдіктер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмеген болса, жергілікті атқарушы органдарында әрі қарай есепке қою арқылы ішкі істер органдарында жалпы негізде тіркеледі.

Шетелдіктердің паспорттары тұрғылықты немесе уақытша тұру орны бойынша **бес күнтізбелік күн ішінде** тіркелуге жатады.

Қазақстан Республикасының визасы шетелдіктердің паспорттарын тіркеу үшін негіз болып табылады, ал Қазақстан Республикасы визасыз кіру және болу тәртібі туралы келісім жасасқан елдердің азаматтары үшін - қабылдаушы заңды, жеке тұлғалардың немесе шетел азаматы өзінің арызы негіз болып табылады.

Шетелдіктер қабылдаушы заңды немесе жеке тұлғаларға өз паспорттарын тапсырады, олар ішкі істер органында тіркегеннен кейін иелеріне қайтарады.

Шетелдік Қазақстан Республикасындағы уақытша тұру орнын ауыстырған кезде қабылдаушы заңды немесе жеке тұлға ол туралы ішкі істер органына жазбаша хабарлауға міндетті.

Шетелдіктердің Қазақстан республикасында болуына рұқсат етілген мерзімінің соңғы күні, ал визасыз тәртіппен келгендерге - тіркелуінің күшінде болуының соңғы күні тоқтатылады.

Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу мерзімін ұзарту
Шетелдіктерге болу мерзімдерін ұзарту визалар беру және шетелдік азаматтардың паспорттарын ұзарту арқылы жүзеге асырылады. Жеке және заңды тұлғалар өтініштерінің негізінде шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу мерзімдерін ұзарту туралы шешім шетелдіктерді тіркеу орны бойынша қабылданады.

Бұл ретте шетелдіктердің болу мерзімі:

- оқуға келгендерге - жыл сайын барлық оқу жылына;
- емделуге келгендерге - медициналық мекеменің басшысы берген медициналық қорытындының негізінде емделу кезеңіне;
- жұмысқа келгендерге-өкілетті органдар берген рұқсаттын күшінде болу мерзіміне;
- тұрғылықты тұруға қалдыру туралы өтініш білдірген адамдарға-өтінішті қарау үшін қажетті мерзімге ұзартылады.

Турист ретінде келген шетелдіктерге болу мерзімі ерекше жағдайларда (шетелдіктің немесе оның жақын туыстарының ауыр науқастығына, күтпеген жағдайларға байланысты) растайтын құжаттардың негізінде қажетті мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Ішкі істер органдарымен шетелдіктердің визаларының күшінде болу және паспорттарын тіркеу мерзімдерін ұзартуы рәсімделеді:

Қазақстан Республикасына қабылдаушы ұйымдардың саласы бойынша келген, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы тұрақты шетелдік өкілдіктер қызметкерлерінің шақыруы бойынша-осы ұйымдар мен өкілдіктердің жазбаша өтініштерінің негізінде;

- Қазақстан Республикасына жеке істері бойынша келгендерге - қабылдаушы жеке тұлғалардың немесе шетел азаматтары өздерінің негізделген өтініштерінің негізінде.

Көрсетілген өтініштер мен арыздардан басқа, ішкі істер органдарына паспорт және виза бергені үшін мемлекеттік баж салығын төлегені туралы құжаттар тапсырылады.

Шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп-тұруы

Шетелдіктер Қазақстан Республикасының шетелдіктер келіп-қайтуы үшін ашық аумақтарында жүріп-тұра алады.

Республикамыздың басқа аумақтарына 10 күннен асатын мерзімге бару туралы шетелдіктерді қабылдаушы заңды және жеке тұлғалар бұрынғы және жаңа болатын жердегі шығу пунктін мерзімін және осы пунктте болатын мекен-жайларды көрсете отырып, ішкі істер органына хабарлайды.

Шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік өтуі

Шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы баратын елге әуе, темір жол, автомобиль және теңіз көлігімен транзиттік өтуі оларда Қазақстан Республикасының транзиттік визалары, сондай-ақ үшінші елге кіру үшін қажетті құжаттардың және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан айлақ, станция, аэровокзал, автовокзалға келген сәтінен бастап санағанда 72 сағатқа дейін Қазақстан Республикасының аумағында көлік ауыстыру пунктінен кету күні көрсетілген тиісті жол құжаттары (билеттері) бар болса ғана рұқсат етіледі, егер басқа халықаралық келісіммен белгіленбесе.

Шетелдік жүру бағытын өзгерту туралы өтінсе, ол облыс КҚПБ-на қазақстандық транзиттік визасы бар паспортын және осындай қажеттілік туғызған себепті, сондай-ақ жоспарланып отырған бағыты мен шығар жолындағы тексеру-өткізу пунктін көрсете отырып, жазбаша арыз ұсынады. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарымен өтетін шетелдіктер, оның ішінде автомобильмен халықаралық жүктерді тасымалдайтындар халықаралық автомобиль қатынастары үшін ашық жолдармен ғана жүреді.

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы пойызбен өтетін шетелдіктер пойыздардың станцияларында тоқтап тұратын уақыттарында сыртқа шығуларына болады. Оларға станциядан тыс жерге (перроннан және темір жол вокзалынан) кетуге рұқсат етілмейді. Қазақстан Республикасының аумағынан транзитпен өтіп, осында 72 сағаттан астам уақыт аялдауға мәжбүр болған шетелдік тоқтаған сәттен бастап бір тәулік ішінде Қазақстан Республикасында болуы үшін ішкі істер органдарында рұқсат ресімдеулері қажет. Қазақстан Республикасының аумағында аялдауға мәжбүрлік болған шетелдіктердің рәсімделуі келесі жағдайларда мүмкін:

- пойыздың, автокөлік құралдарының, кеме немесе ұшақтың қозғалысына кедергі болатын табиғи апаттарда немесе өзгеде себептерде;

- қайсыбір бөлшектері сынған автокөлік құралдарының аққауларын жөндеу немесе жол-көлік оқиғалары болғанда;

- одан әрі жүру оның денсаулығына қауіп төндіретін науқастығы бар деп дәрігер қорытынды жасаған жағдайда. Мұндай жағдайда науқастың жанында оның отбасы мүшелері немесе онымен келе жатқан алып жүруші адамдар болуы мүмкін;

- тораптық пункттерде бір көліктен екінші көлікке отырғызу кешіккенде.

Аялдауға мәжбүр болған жағдайлар шетелдік азаматтарға тек қала немесе өзге елді мекен шегінде аялдау мәжбүрлігін туғызған себептерді жою уақытында ғана болуына құқық береді.

Әуе немесе темір жол көліктерінің қызметін пайдаланушы, аялдауға мәжбүр болған шетелдіктерді тіркеуді көліктегі ішкі істер органдары немесе аумақтық ішкі істер органдары жүргізеді.

Шетелдік аялдауына мәжбүрлікті тіркеу үшін ішкі істер органдарында аялдауға рұқсат ресімдеу туралы жеке жазбаша арыз береді. Тіркеу мерзімінің уақыты аялдауға мәжбүр еткен себептерді жою үшін қажетті уақытпен белгіленеді.

Ауруханадағы шетелдіктердің паспорттарын тіркеу олар шыққаннан кейін рәсімделеді. Олардың отбасы мүшелерінің немесе оларды алып жүруші адамдардың паспорттары тіркеу аялдауға мәжбүр болған сәттен бастап бір тәулік ішінде шетелдік азаматты емдеуге қажет медициналық мекеменің анықтамасында көрсетілген мерзімге рәсімделеді.

Қазақстан Республикасының аумағында 72 сағатқа дейін аялдауға мәжбүр болған шетелдік ішкі істер органдарында транзиттік визасын ұзартпай-ақ Қазақстан Республикасынан кетулеріне болады.

Шетелдіктерге Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығын беретін құжаттарды беру;

Қазақстан Республикасында тұрақты тұрады деп оған рұқсат алған, сондай-ақ ішкі істер органдарынан қоныстану ықтиярхатын алған шетелдік саналады.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға қалдыруға рұқсат алудың міндетті шарты, рұқсат алушы тұлғаның өзінің төлеуге шамасы келетіндігін растау (1320 айлық есеп көрсеткіші, 1320x1512 теңге = 1 995840-00 теңге), Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгілеген тәртіп пен мөлшерде. Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға қалдыруға рұқсат алу кезінде шамасы келетіндігін растауды қажет етпейді:

- оралмандарға, яғни қазақ ұлтты шетелдіктерге немесе азаматығы жоқ тұлғаларға, Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде (16 желтоқсан 1991 жыл) оның аумағынан тыс тұрған және Қазақстанға тұрақты тұруға келген мақсатпен;

- Қазақстан Республикасының немесе Қазақ ССР-і аумағында туған тұлғаларға, туған кезде әкімшілік-аумақтық бөлінісіне сәйкес, Қазақстан Республикасының немесе Қазақ ССР-і азаматтығында болған болмағандығына қарамастан;

- бұрын Қазақстан Республикасында немесе Қазақ ССР-да тұрған, олар осы азаматтықтан шыққанына немесе азаматтығынан басқа жағдайлармен айырылғанына қарамастан;

- оралмандар және Қазақстан Республикасының немесе Қазақ ССР-і туған, немесе бұрын азаматтығында болған тұлғалардың отбасыларының мүшелері, оларға кіретіндер: балары (сонымен қатар асырап алынған балалар), ері (зайыбы), ата-аналары (асырап алғандар), туған апалары, ағалары, аталары, әжелері, немерелері, олар бірге немесе бөлек келгеніне тәуелсіз.

Қазақ ССР-і немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын құжаттар болып табылатын: адрес бюросының анықтамасы, тұрғындарды тіркейтін кітап (шаруашылық кітабі) еңбек кітапшасы (басқада құжат, еңбек қызметін растайтын), әскери билет, 1974 жылғы үлгідегі КСРО паспортының ксерокөшірмесі немесе Қазақстан азаматының құжаттары, білім немесе оқығандығы жөнінде құжаттар; неке қыю немесе ажырау, балалардың Қазақстанның аумағында туған куәліктері. Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға құқық беретін құжаттар: шетелдіктер үшін - шетелдікке Қазақстан Республикасында қоныстану ықтиярхаты, азаматтығы жоқ адамдар үшін - тұрақты тұруға қалдыру жөніндегі мәселе оң шешілгенде ішкі істер органдары беретін азаматтығы жоқ адамдар куәлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру туралы арызды Қазақстан Республикасына уақытша келген шетелдік азаматтар келген жеріндегі ішкі істер органдарына тікелей береді.

Шетелдік азаматтарды, азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға қалдыру туралы материалдар оларды толық көлемде бергеннен кейін ғана қаралады. Шетелдік азамат тұрақты тұруға рұқсат алуы үшін келген жеріндегі қалалық, аудандық ішкі істер органдарына және облыстың ІД КҚПБ-на:

арыз–сауалнама;

ол азаматы болған мемлекеттің жазбаша келісімін; ТМД елдерінің азаматтарына онын орнына кету парақшасы не болмаса шетелге тұрғылықты тұру үшін кетуге рұқсатты растайтын басқа құжат жүреді;

өмірбаянын;

қолданыстағы паспортын немесе азаматтығы жоқ адамның құжатын;

Шетелдік азаматтын медициналық куәландырылғаны туралы ресми анықтаманы;

Қазақстан Республикасына келген кезенде белгіленген үлгідегі төлеу мүмкіндігін растайтын құжатты;

Мемлекеттік баж салығын төлегені туралы түбіртектері;

Көлемі 35x45 мм екі фотосуреті ұсынады.

Шетелдіктерге немесе азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат бермеу немесе бұрын берілген рұқсаттын күші жойылады:

заңсыз келген иммигранттарға, сондай-ақ өздері иммигрант болып табылатын елдің заңнамасы бойынша қылмыс жасағаны үшін қудаланушы иммигранттарға;

жазасын өтеу орындарынан босатылған, қылмыс жасағанға дейінгі тұрақты тұрғылықты жері Қазақстан Республикасынан тысқары болған адамдарға;

адамзатқа қарсы қылмыс жасаған адамдарға;

Қазақстан Республикасында болатын кезенде өзінің өтеу мүмкіндігін растайтын құжаттын ұсынбаған оралмандардан, бұрынғы отандарстардан, Қазақ ССР немесе Қазақстан Республикасында туылған немесе бұрын азаматтығында болған, сондай-ақ жеңілдетілген тәртіппен Қазақстан Республикасы азаматтығын алуға құқығы бар адамдардан өзге адамдарға;

Шетелдіктердің құқытық жағдайы туралы Қазақстан Республикасы заңнамаларын бұзғандарға;

Еларалық, ұлтаралық және діни араздыққа от салатын тұлғаларға;

Конституциялық құрылысты күш арқылы өзгертуге күш арқылы өзгертуге көздейтін адамдарға;

Қазақстан Республикасының егемендігіне тәуелсіздігіне қарсы шығатын, оның аумағының бірлігіне және бүтіндігіне қарсы шығуға шақыратын адамдарға;

Ауыр, аса ауыр қылмыстарды, террористік әрекет жасағаны үшін сотты болған адамдарға;

Қазақстан Республикасында тұрғылықты тұруға өтінген кезде өзі туралы жалған мәліметтер берген немесе себепсіз керекті құжаттарды Республиканың заңнамаларыменен белгіленген уақытта бермеген адамдар;

Бұрын Қазақстан Республикасы аумағынан тыс шығарылған адамдарға;

Қазақстан Республикасының азаматтарының және басқада адамдардың құқығын және заңдық ынтасын қорғау үшін қажеттілігі болса.

Қазақстан Республикасынан уақытша кетіп көрсетілген алты ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасына оралмағандарға;

Қоныстану ыхтиярхатын алу үшін негіз болып табылғаны Қазақстан Республикасы азаматымен некелескендерге, егер сол неке қию заңды күшіне енген сот шешімімен заңсыз деп табылған жағдайда;

Қазақстан Республикасына келуге жарамсыз болып табылған ауруы бар адамдарға.

Қоныстану ыхтиярхатын немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігін беруден бас тарту Қазақстан Республикасының белгіленген заңнамалары тәртібінде шағым беру арқылы қаралады[10].

ҚОРЫТЫНДЫ

Шетелдіктердің мемлекеттік-құқықтық деңгейінің мәселелерін меңгере отырып, ол өзіндік белгілік құқықтық санатын түсіндіреді. Осындай белгі мемлекетпен шетелдіктердің құқықтық байланысының ерекше сипатымен анықталады және жеке негізгі құқықтары мен міндеттерін қабылдау және жүзеге асырудың ерекше тәртібімен, сонымен қатар олардың деңгейінің басқа да элементтерімен анықталады. Осыдан, ұлттық және арнаулыдан тұратын шетелдіктердің құқықтық тәртібінің өзіндік сипатынан тұрады. Шетелдіктердің әкімшілік құқық субъектісі мен қоғамдық қатынастардың өзіндік сипаты ретінде шартталады. Бұл жүйедегі орталық түйін тәуелсіз мемлекеттер достастығының көп елдерінде қабылданған шетелдіктер туралы арнаулы заңдар болып табылады. Аталған актлердің осындай жағдайы елге шетелдіктердің келуімен байланысты аса маңызды қатынастарды реттейтін нормалар құрайтын мазмұнымен анықталады, атап айтқанда: осы тұлғалардың кіруі мен кетуінің тәртібі, олардың құқықтары мен міндеттері, оның ішінде жауапкершілікке шетелдіктерді тарту негізінің деңгейінің негізгі кейбір кепілдерін, сонымен қатар құқықтың аталған субъектілерінің мәліметтерін құқықтық деңгейін қамтамасыз ету саласында мемлекет органдарының құзіреттіліктерінің тәртібі.

Осыдан келіп, қорытындылай келіп, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың Қазақстан Республикасына кіру және Қазақстан Республикасынан шығу, сонымен қатар шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар бақылау аса көп көңіл бөлуді талап етеді, осыған байланысты ішкі істер органдары (полиция) осындай құрылымдармен тығыз байланыста шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың келуіне қамтамасыз етуді және бақылауды жүзеге асырады. Осыған байланысты, ішкі істер органдарының қызметінің маңызды бағыттары Қазақстан Республикасының аумағы бойынша шетелдіктердің тұру және қозғалу ережелерін сақтауына бақылауды жүзеге асырады. Аталған жұмыс мемлекеттік қауіпсіздік және елдегі қоғамдық тәртіпті нығайту жағынан маңызды орынға ие болады, ол шетелдіктердің біздің елдегі сәйкес ұйымдармен қызметтік және басқа да байланысты қалыпты жүзеге асыруға жағдай жасайды. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін ішкі істер органдарының және басқа да қызығушылық танытқан ведомстволарының бірлескен күшімен ғана қамтамасыз етіледі.

Әдебиеттер

1. ҚР 2007 жылғы 12 қаңтардағы «Шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы» Заңы.
2. Губанов А.В., В.А. Дякин, Т.А Степанова. Предупреждение, выявление и пресечение нарушений правил пребывания иностранцев в СССР. Учебное пособие. – М., 1990.
3. Иностранцы граждане в Республике Казахстан. Алматы, 2004.
4. Административная деятельность ОВД. Учебное пособие. - М., 1998.
5. 2014 жылғы 05 шілдедегі ҚР ӘҚБтК.
6. Рыжкова М.Н. Деятельность аппаратов ВИН по обеспечению порядка пребывания в СССР иностранцев. Лекция. – М., 1990.
7. Проблемы административной деятельности органов внутренних дел. Сборник научных трудов адъюнктов и соискателей. – М., 1989.
8. Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі № 1063 «Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін бекіту туралы» Қаулысы.
9. Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің қағидаларын және Көші-қон бақылауын жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан заңсыз өтетін, Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына келуге тыйым салынған адамдарды есепке алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 148 Қаулысы
10. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 28.01.200 жылғы № 136 Қаулысымен бекітілген «Шетелдіктердің Қазақстан Республикасына келу, онда болу, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан кету Ережесі.